

## **Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидаларын бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 2 маусымдағы № 267 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 маусымда № 9505 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 618 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.06.2016 № 618 бұйрығымен.**

«Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 31) тармақшасына сәйкес

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс департаменті Қазақстан Республикасы заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министрі В.В. Петровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Министр</i>	<i>B. Божко</i>
Қазақстан	Республикасы
Төтенше	жағдайлар
2014	маусымдағы
№ 267 бекітілді	

**Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, жинақтау, ұзак сақтауға қабылдау, ауыстыру, жаңарту, есептен шығару, кәдеге жарату үшін құжаттамаларды беру және дайындау тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидалар азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауды, есепке алуды, есептен шығаруды және кәдеге жаратуды жүзеге асыратын ұйымдарда қолданылады.

3. Азаматтық қорғаныс мүлкіне: жеке қорғану құралдары, радиациялық, химиялық барлау және дозиметрлік аспаптары, жеке медициналық қорғану, байланыс және құлақтандыру құралдары және басқа материалдық-техникалық құралдар жатады. Азаматтық қорғаныс мұддесінде пайдалану үшін ұйымдар құралдарын тиісті органдардың бюджет қаражаты есебінен құрылған немесе сатып алғынған.

## 2. Сақтау

### 1-параграф. Қойма, жабдық аумағының орналасуы

4. Қойманың орналасқан орны қазіргі заманғы зақымдау құралдарынан қорғау, өрт қауіпсіздігін және қызметі азаматтық қорғаныс мүлкінің сапа жағдайына теріс ықпал ететін кәсіпорындардан қауіпсіз алшақтықта өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын есепке ала отырып, таңдалады. Жер участкелерін тасқан су мен басқа да сумен баспауы тиіс.

5. Қоймалар кірме жолдардан, электр және сумен жабдықтау көздерінен тікелей жақын жерде орналасады.

6. Қойма аумағы қоршалады және түнгі уақытта жарықтандырылады. Қойма тәулік бойы күзетіледі және күзет сигнализациясымен жабдықталады.

7. Қойманың сақтау орны «Өрт қауіпсіздігі қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1682 қаулысына сәйкес найзағайдан қорғау жүйесімен жабдықталады.

8. Қоймаға су алатын, өрт сөндіру суаттары, кіреберістер схемасы, отқа төзімді ғимараттар, құрылыштар және сол сияқты толық сипаттай отырып, «Өрт сөндірудің жедел карточкасы» жасалады.

9. Қоймаға кірме жолдар жарамды жай-күйде ұсталады және жылдың қандай да болмасын уақытында көліктің өтуін қамтамасыз етеді.

10. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қойманың аумағы тиісті мандайшалармен және бағыттауштармен жабдықталады.

11. Қойманың телефонданыры жүйесі сыртқы және ішкі байланысты, бекет

және өрт сөндіру сигнализациясын қамтамасыз етуді есепке ала отырып, үй мдастырылады.

12. Қойма азаматтық қорғаныс мүлкінің қорларын сақтауға арналған сақтау орны орналасады, ол өз құрылышы, жоспарлау, техникалық жай-күйі және жарақтануы бойынша олардағы бұйымдардың толық сақталуын, кез-келген уақытта және белгіленген мерзімдерде қорларды беруді қамтамасыз етеді.

13. Сақтау орны азаматтық қорғаныс мүлкінің қорларын жедел тиеу үшін тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру құралдарымен жарақтандырылады.

14. Қойма үй-жайлары кірпіштен және ағаштан, темірбетоннан немесе жинақтама темір конструкциялардан жасалған болуы мүмкін. Ағаштан жасалған сақтау орны отқа төзімді құраммен, олардың түйісу орындары топырақ-антисептикпен өндөледі.

15. Барлық сақтау орындары нөмірленеді. Эрқайсысына ернеуден 0.5 қашықтықта 50x50 см. мөлшерлі ақ шаршыда, цифр биіктігі 30 см, қызыл жиек ені 2.5 см. қаптал қабырғаларына безектелетін реттік нөмір беріледі.

16. Сақтау орындарының есіктері (қақпақтары) сондай-ақ реттік нөмірмен нөмірленеді. Нөмір диаметрі 25 см ақ шенберде есіктерге жазылады, цифр биіктігі 15 см, қызыл жолақпен жиектелген, ені 1.5 см.

17. Барлық цифр қара түспен жазылады. Ашық аландарға арналған нөмірлік белгі қалындығы 0.8 –1 мм., қалбырдан жасалады, жазулар трафаретпен жазылады. Белгі жерден 2 м биіктікте темірбетон бағанына бекітіледі және алаңға кірер жолдың оң жағынан орнатылады.

18. Қоймада жылытатын және жылытылмайтын сақтау орындары болуы мүмкін және азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, орналастыру, жарамды жай-күйде ұстау, қорларды қабылдау және беру бойынша жұмыстарды өткізу қамтамасыз етүі тиіс.

19. Қойма үй-жайларында жылыту жабдығын пайдалануға жауапты (әдеттегідей сақтау орнының бастығы) тағайындалады, өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды өзірлейді.

## 20. Сақтау орындары:

азаматтық қорғаныс мүлкін жеткізуге, орауын шешуге және орауға арналған участкемен;

техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге арналған участкемен; осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес дозиметриялық аспаптарды консервациялау және қайта консервациялау бойынша жұмыс істеуге арналған участкесімен;

сақтау орны бастығының жұмыс орнымен; мүлікті, аспапты, арнайы және сырт киімді сақтауға арналған кіші қоймамен

21. Сақтау орны бастығының жұмыс орны:  
 Картотекаға арналған арнайы үстелмен;  
 Қызметтік құжаттама мен анықтама әдебиетін сақтауға арналған металл  
 шкаф пен (ж е ш і к п е н ) ;

б а й л а н ы с қ ұ р а л д а р ы м е н ;  
 к о м п ү т е р л і к т е х н и к а м е н ;

бұйым орауын шешуге және орауға арналған аспаппен қамтамасыз етіледі.

22. Әр сақтау орнында температура мен ауаның салыстырмалы ылғалдығын  
 елшеуге арналған аспаптар (термометрлер, гигрометрлер немесе психрометрлер)  
 о р на т ы л а д ы .

Аспаптар еденинен 1,5 м. деңгейде және желдеткіш саңылаулары мен сақтау  
 орнының орта бөлігінде орналасқан үй-жайлардың ішкі қабыргаларындағы  
 жылыту қондырыларының есіктерінен 2 м. жақын орнатылады.

23. Сақтау орнының бастығы мына:  
 осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтау орнының  
 п а с сп о р т ы н ;

ося Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтау орнындағы  
 температура мен ауаның ылғалдығын тіркеу журналын;

ося Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтау орнын  
 тексеретін жазба кітапшасын;

ұзақ және ағымдағы үлес үшін бөлек осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес  
 нысан бойынша дайындалған жылдары бойынша азаматтық қорғаныс мүлкі  
 бұйымдарын есепке алу кітапшасын;

бұйымдарды зертханалық бақылау үшін қаралатынның, іріктелетіннің  
 мерзімдер мен саны кестесін;

азаматтық қорғаныс мүлкі қорларын орналастыру жоспарын;  
 азаматтық қорғаныс мүлкі бұйымдарын қабылдау, беру, сақтау, ұстау және  
 пайдалану жөніндегі басшылыққа алатын құжаттар, анықтамалық әдебиетті  
 ж ү р г і з е д і .

24. Техникалық құжаттама қалқанында:  
 Сақтау орны бастығының функционалдық міндеттері;  
 күлактандыру сигналдары бойынша іс-қимылдары туралы нұсқаулық;  
 құштер мен құралдардың есептобымен өрт болған жағдайдағы іс-қимылдар  
 т у р а л ы н ұ с қ а у л ы қ ;

сақтау орнында жұмыс істеген кезде қауіпсіздік қағидасы мен шараларды  
 сақтау жөнінде ж ү с қ а у л ы қ ;

әр сақтау орнынан азаматтық қорғаныс мүлкі қорларын эвакуациялау  
 с х е м а с ы ;

өрт сөндіру есептобының тізімі;

жабдық пен мұлік тізімдемесі. Осы Қағидаларға 7-қосымшада жабық сақтау орындарына арналған бастапқы өрт сөндіру құралдарының санын анықтайтын кесте

көрсетілген;

25. Сақтау орындарының қақпақтары (есіктері) сырттан ғана бекітіледі, сыртқа ашылады немесе конструкциялар мен габариттер бойынша ысырылады, механикаландыру құралдарын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қақпақ саны азаматтық қорғаныс мұлкі қорларын барынша жүк тиесінде шептерін қамтамасыз етуді есепке ала отырып және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келтіріліп

есептелеуді.

Сақтау орындарындағы сыртқы қақпалардан басқа сыртқы қақпалардың төменгі жағындағы ішкі торлы қақпақтар немесе люктар орнатуға ұсыным беріледі.

26. Сақтау орындарының едендері үгінділердің, құмның шаңын пайда болуына жоғарғы жақтың төзімділігін қамтамасыз етеді, сақтаудағы бұйымдар мен механикаландыру құралдары жүгімен орнатылатын немесе қозғалатын жүктемені

көтереді;

27. Су бетінің ағуынан сақтандыру үшін сақтау орындары сыртқы қақпаларының алды төсөніш деңгейінен жоғары орналастырылады және кеміргіштердің кіріп кетуінен қорғайтын жеңіл шешілетін күнқағармен жабдықталады.

28. Сақтау орындарының терезелері желкөздерімен және қорғайтын металл торлармен (шілтермен) жабдықталады, переделейді және жартылай жарық түсетін шынымен шынылайды немесе ішкі жақтан ашық бояумен боялады.

29. Сақтау орындардағы жарықтандыру табиғи немесе жасанды (электрлі) болуы мүмкін. Электрлі жарықтанған кезде электр өткізгіш өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкес келеді. Авария болған кезде авариялық жарықтандыру

көзделеді.

30. Азаматтық қорғаныс мұлкі қорларын орналастыру үшін сақтау орны стеллаждармен, шкафтармен, тегендермен, орамда және орамы жоқ бұйымдардың қалыпты сақталуын қамтамасыз ететін конструктивтік тіреуіштерімен жабдықталады.

31. Қанқалы шахта түріндегі стеллаждар (металлды және аралас) РХБҚ құралдарын тұғырық және пакеттерге оралған түрінде сақтауға аса ыңғайлыш болып табылады. Секция тереңдігі (шахта) 800 еседен кем емес немесе 1000 мм (тұғырық ені) болуы қажет.

Бағыттаушы секция (шахталар) ені 1230 мм құрайды (1200 мм. – тұғырық көлденең қызығы, 30 мм. – тұғырық және бағыттаушы арасындағы сандылау).

32. Стеллаж сөрелі жеңілдетілген конструкциясы ағаш және металды

жиналмалы болады. Мұндай сөрелер мүліктерді буылған түрде немесе тұтыну ыдыстарында сақтауға арналған. Стеллаждардың габариттік өлшемдері мен конструкциялары (сөре саны, ара қашықтығы бойынша) үй-жайдың өлшеміне және осы стеллаждарда сақталатын бұйымдар түріне байланысты болады. Мұндай стеллаждар 2-3 қабатты болуы мүмкін. Стеллаж ұзындығы 300 см., биіктігі 340 см. Стеллаждың бекітілуі әр 100 см сайын биіктік бойынша стеллаждың негізі есебінен жасалған. Стеллаждың негізі 25 см биіктікте, стеллаждың жоғарғы бөлігі 15 см құрайды. Стеллаж ені 100 см.

33. Жеке бұйымдарды сақтау үшін еденнен 25 – 30 см биіктікте болатын тақтайдан жасалған едендік стеллаждардан әзірленеді. Олар конструкцияның қарапайымдылығымен, жеңіл жинақтау, бөлшектеумен және олардың өлшемдерінің өзгеруімен ерекшеленеді. Ұзындығы 300 см. (100 см.-ден 3 секция, биіктігі 25 см және ені 100 см.).

34. Стеллаж жабдықтары сақтау орындарының ішкі көлемін аса тиімді пайдалану, табиғи жарықтандыруды қамтамасыз ету, сақталатын бұйымдарды қадағалау үшін ыңғайлыштық және қажетті операцияларды орындау есебімен орналастырылады.

35. Стеллаждар мен тегендер қабырғадан 0,6 м кем емес қашықтықта орналастырылады. Сақталатын бұйымдарға байланысты стеллаждар арасындағы ету жолдары 0,8-1,5 м жол беріледі.

36. Сақтау орнының орта бөлігі бойынша, әдеттегідей өстік бағыт бойымен ені 1,5-2 м басты өту жолы қалдырылады. Есіктер (қақпақтар) бойлық қабырғаларда орналасқан жағдайда олардың арасында сақтау орнына көлденен есіктердің (қақпақтардың) барлық ені бойынша өту жолдары қалдырылады.

37. Сақтау орындарын желдету жауын-шашынсыз ауа райында, 5 м/с жел жылдамдығы кезінде сақтау орындағы салыстырмалы ауа ылғалдығы 60% асатын (егер бұл ретте сыртқы ауаның ылғалдылығы сақтау орнындағыдан төмен болса) болса жүргізіледі. Сақтау орындарын желдету үшін қақпақтарды, (есіктерді), желкөздерін, желдеткіш құбырларын, люктарды және сол сияқты а ш а д ы .

Желдету ауаның тез алмасуымен, бірақ үй-жайлардағы температураның төмендегені білінбей қамтамасыз етіледі.

38. Жылтылатын сақтау орындарында ауа температурасын +15 до +20 С, ауа ылғалдылығы 70% аспайтындей етіп ұсташа керек. Салыстырмалы ауа ылғалдылығының 90%-ға дейін қысқа мерзімде жоғарлатуға жол беріледі.

азаматтық қорғаныс мүлкі қорларын сақтаудың оңтайлы жағдайлары:

40-55% шектегі салыстырмалы ауа ылғалдылығы;

жауын-шашынның, желдің және ылғалдың сұйық түрге айналуының болмауы ;

тікелей күн радиациясының болмауы;  
ауда тотығу-белсенді агенттердің болмауы;  
биологиялық факторлардың болмауы болып табылады.

39. Сақтау орындарында температура мен салыстырмалы ауа ылғалдылығын өлшеу күн сайын жергілікті уақыт бойынша сағат 9-дан 15-ке дейін жүргізіледі.

40. Сақтау орындарында:

шылым шегуге және ашық отты пайдалануға;  
тұрмыстық электржылытқыш аспаптарын қолдануға;  
уақытша электрөткізгішін орнатуға;  
сақтау орындарын жарықтандыру үшін майшамдарды, керосин лампаларын және ашық отты басқа аспаптарды қолдануға;  
мұлікті есепке алуда немесе мүкеммал тізімдемесінде жоқ мұлікті сақтауға (уақытша болсын);

сақтау орнын белгіленген нормалардан тыс бұйымдармен толтыруға.

жыл мезгіліне қарамастан қажетсіз сақтау орындарының есіктерін ашық тастауға, қатты жел, наизағай, тұман және жауын-шашын кезінде үй-жайды жедетүге;

сақтау орнының жанында: шылым шегуге, алау жағуға, құрғақ шөпті жағуға, шөпті кептіруге және сақтауға, себу жұмыстарын жүргізуғе, жанар-жағар май құю пункттерін ашуға және жанар-жағар май материалдарды сақтауға тыйым салынады.

41. Қойма аумағына кіруді, сондай-ақ аумақтан шығуды бақылау үшін қойманың бақылау-өткізу пункті әдеттегідей жеке үй-жайда ұйымдастырылуы мұмкін,

онда:

рұқсат қағаздарын сақтауға арналған жәшіктерімен шкаф;  
жабылатын жәшіктерімен үстел;  
орындықтар (табуреткалар);  
телефон байланысы және сигнализациялау құралдары;  
жазуға арналған құралдар;  
сағат;  
термометр;  
медициналық қобдиша;  
сыртқы киімге арналған ілгіш;  
мұлік тізімдемесі;  
кузету бойынша нұсқаулық;  
кезекшілікті қабылдау және тапсыру кітапшасы;  
машиналардың кіруін және шығуын тіркейтін журнал;  
рұқсат қағаздары мен басқа құжаттар үлгілері көзделеді.  
Бақылау-өткізу пункті авариялық жарықтандырумен және өрт сөндірудің

**бастапқы құралдарымен қамтамасыз етіледі.**

42. Қойма және сақтау орындарының аумағына бөгде адамдарды жіберу (оның ішінде қойма жұмысын тексеру үшін келген адамдар) қарамағында қойма бар орган (ұйым) басшысының тек жазбаша рұқсаты бойынша жүргізіледі. Кейінге қалдырылмайтын жағдайларда (авариялар, жедел жөндеу және сол сияқты) келген адамдарды аумақта жіберуге тіркеу журналында белгілей отырып, қарамағында қойма бар ұйым басшысының ауызша рұқсаты бойынша қойма менгерушісі рұқсат береді.

## **2-параграф. Азаматтық қорғаныс мүлкі қорларын сақтаудың жалпы қағидалары**

43. Азаматтық қорғаныс мүлік қорлары жабдықталған сақтау орындарында, қақпағы жоғары қойылған қатарлап салынатын зауыттық орамада, жәшіктерде орналастырылады.

44. Қатар-қатар қойылған мүліктер төсемде орналастырылады, оның биіктігі еден ұстінен 0,25 м кем емес. Төсем бұйымдарымен төменгі қатарларды жақсы желдету мақсатында тұтас лагтарға емес бағандарға орнатылады.

45. Әр сақтау орындарында қатар-қатар қойылған мүліктер ретімен нөмірленеді. Әр қатар-қатар қойылған мүліктерде (стеллажда) көрінетін жерде, ортасында еденнен 1,5 м. биіктікте осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес толтырылған стеллажды затбелгі бекітіледі.

Қатар-қатар қойылған мүліктерге ұсынылатын биіктік:  
Сүзетін, оқшаулайтын газқағарлар мен балаларды қорғау камералары үшін - 7  
- 8 жәшіктен артық емес;

регенерацияланатын патрондар үшін - 7 жәшікке дейін, бұнда жәшіктердің жоғары қатарлары тоқтатудан кемінде 1 м жерде тұруы тиіс;

теріні қорғау құралдары үшін - 6-7 жәшікке дейін;

химиялық барлау құралдары үшін - 6 жәшікке дейін;

дозиметрлік аспаптар, газсигнализаторлары мен оларға жөндеу жиынтықтары және, орам жәшіктерінде сақтау кезіндегі байланыс құралдары үшін - ыдысқа рұқсат берілген жүктемені есепке ала отырып.

Қатар-қатар қойылған мүліктер ені - 2 жәшік.

46. Азаматтық қорғаныс мүлкі қорын сақтау орнында:  
Номенклатура бойынша (әр номенклатура жеке қатар-қатар қойылған мүлікте сақталады);

Партиялар бойынша (бір ғана номенклатураның әр партиясы басқа партиядан ерекшеленеді).

47. Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау шарттары осы Қағидаларға 9-

қосымшада, ал азаматты қорғаныс мүлкін бірлесіп сақтауға жол берілуі осы Қағидаларға 10-қосымшада көрсетілген.

### **3-параграф. Жеке қорғану құралдарын сақтау ерекшеліктері**

48. Сұзгіш газқағарларды, балалар қорғану камераларын жылтырылмайтын құрғақ сақтау орындарында сақтайды, сақтау орындарының терезелері қараңғыланады. Газқағарларды, балалар қорғану камераларын сақтаған кезде жәшіктерге жауын-шашынның түсуіне жол берілмейді.

49. Сұзгіш газқағарларды, балалар қорғану камераларын қараған кезде: жәшіктерде таңбалаудың болуы мен айқындылығын, пломбалардың, бітеуіштердің, ілмектердің бүтіндігін, ыдыстың зақымданбауын; ыдыс жай-күйін (барлық жәшіктерді сырттан қарау);

Газқағарларды, балалар қорғану камераларын толымдылығы мен сапасын (таңда п бақылау) тексереді.

Зақымдануларды тапқан кезде - жәшіктерді ашады және ондағы барлық газқағарларға, балалар қорғану камераларына байқау жүргізеді.

50. Таңдаң бақылауды ашылған жәшіктердегі барлық газқағарлардың, балалар қорғану камераларының болуы мен толымдылығын тексереп, сыртқы байқаумен жүзеге асырады.

51. Газқағарлардың сұзгіш – сіңіруші қорабын бояу сапасын, майысудың әсіресе қырласы мен түбіндегі болмауын, қалпақтарын толық жабылуын және сынамалардың дұрыс орнатылуын, шихталарды қайта төгу және төгудің болмасын тексереді.

52. Газқағарлардың бет жағын тексерген кезде резенкенің жай-күйін (жарылудың, бұзылудың болмауын), клапандардың болуы мен жай-күйін, металл бөлшектеріндегі кесу қосындыларында майысу мен таттың болмауын, клапанды қорапты бекіту тығыздылығын мен ұпайлы оқтізбегін, мембранды қондырғылардың жақын тексереді.

53. Газқағарларға арналған сөмкелерді тексерген кезде матаның бүтіндігін, зен мен шіру белгілерінің болмауын, фурнитуралардың (ілмектер, белдіктер, баулар, айылбастар) болуы мен жарамдылығын тексереді.

54. Балалар қорғану камераларын тексерген кезде: резенкеленген мата тысындағы бұзылулардың, жыртылулардың болмауын; терезенің жапсырма контуры бойынша тігістің жапсырма лентасы мен резенкеленген матаның қабатталуының болмауын; иық тоқыма бауы бұзылуын, қапсырмадан оның бекітілуінің үзілуін қаңқа бөлшектерінің деформациясын, герметикаланатын құлып тақтайшасының бұзылуын, диффузиялық-сініргіштік материалдың бұзылуы мен зақымдануын, шілтерлердің зақымдануын,

диффузиялық-сініргіштік элементтердің мәндай терезелері мен рамаларының жарылуы мен басқа тұтастығының бұзылуын тексереді.

55. Газқағарлармен, балалар қорғану камераларымен қатар-қатар қойылған мүлікті байқау және төсеудегі ақаулықтарды жою аптасына бір реттен сирек емес жүргізіледі.

56. Оқшаулау газқағарларын жылтырылмайтын сақтау орындарында сақтайды. Оқшаулау газқағарларының, оларға регенеративтік патрондардың металл бөлшектерін, тораптар мен қосындыларды май мен майлаулар жағуға болмайды.

57. Оқшаулау газқағарларын қараған кезде:  
бет жағы мен тыныс алу қабында тесілудің, жыртылудың, жарықтардың болмауын, көзілдірік шынысының жай-куйін; ернемектерге артық қысым мен бұрандалы тұтік клапанын қосу беріктігін, бұрандалы тұтік ернеудің қияқесігі мен сақиналы көртеште көртіктің болмауы, металл серіппе мен артық қысымның клапан тегінің күйінің дұрыстығын (ауытқушылық пен майысуын) тексереді.

қаңқа бүтіндігін (сынулардың, майысуулардың болмауын), бастьырманың, баудың, істіктің, тойтарғыштың, тарта лентасының және құлыптың болуы мен бекіту беріктілігін;

сөмке бүтіндігін (бұзылуулардың, тесілудердің, зенінің) болмауын, карабиндер құлыптарының, айылбастьардың, белбеулердің болуы мен жарамдылығын, сондай-ақ оларды бекіту беріктігін, сөмке қалтасында ведомость бойынша аспаптар мен қосалқы бөлшектердің болуын;

газқағарлардың металл бөлшектері мен тораптарында таттың болмауын тексереді.

58. Регенеративтік патрондарды қараған кезде патрондағы пломбылардың болуын және жарамдылығын, таңбалалаудың болуы мен сапасын, термоиндикаторлы бояудың ашық-қызығылт жолағының болуын, қатты майысуулардың, саңылаулы жарықтардың, бояулардың ойылып түсіү мен өшуін, патрондар корпусында және қақпағында тат басудың болмауын, бітеуіштің жабылуы тығыздығын тексереді.

59. Жіберу брикеттері мен оттегін қосымша беру брикеттерін қараған кезде брикетті стақанды жоюға кедергі жасайтын қаптама майысууларының, болмауын, қаптама бояуларының ойылып түсіү мен өшуін, тат басуын, резенке төсеміндегі бұзылулар мен саңылау жарықтарын, қатты үрленген резенке төсемдері мен қаптамадағы саңылау тесіктерін тексереді.

60. Регенеративтік патрондар, жіберу брикеттері мен оттегін қосымша беру брикеттері отқауіпті разрядқа жатқызылады және оларды ақаусыз төбе мен жанбайтын, құрғақ, жақсы табиғи және жасанды желдеткішті жылтырылмайтын сақтау орындарында бұйымдардың басқа түрлерінен бөлек сақтау ұсынылады;

көрсетілген бұйымдарды жылытылатын сақтау орындарында сақтауға тыйым салынады. Сақтау орындарындағы оңтайлы температура жазғы уақытта + 35 0 С жоғары емес, салыстырмалы ылғалдылық 80-90% артық емес.

61. Регенеративтік патрондармен, жіберу брикеттерімен қатар-қатар қойылған мүлікті қарау күн сайын жүргізіледі. Регенеративтік патрондарда, жіберу брикеттерінде азық-тұліктің суымен, бояумен, ескі-құсқы нәрсемен, қағазбен, маймен, киіммен, резенкемен және басқа материалдармен жанасуына жол берілмейді, өйткені бұл өздігінен жануға әкеп соғуы мүмкін.

62. Регенеративтік патрондар мен жіберу брикеттерін тікелей күн сәулелерінен сақтандыру және жеке қатар-қатар сақтау қажет (қатар арасындағы қашықтық 1 м кем емес). Регенеративтік патрондармен және жіберу брикеттерімен жәшіктерді лақтыруға немесе домалатуға, қақпағын төмен қаратып немесе қырына қоюға жол берілмейді.

63. Пакеттерді ашпай респираторларды қараған кезде бұзылулар, тесілупер, биозақымданулардың болуын, дәнекерлеу тігістерінің жай-күйін тексереді. Пакетті аша отырып, қараған кезде демдеуішке тартудың болуын, таспа мен алдыңғы жағының қысқышының бекуін және беріктігін, сұзгіш материалының, сыртқы қабыршығының зақымдануының болмауын тексереді.

64. Респираторлармен қатар-қатар қойылған мүлікті қарауды төсеуде ақаулықтарды жоя отырып, бір аптада 1 рет жүргізеді.

65. Қосымша сүзетін патрондарды қараған кезде ашылған жәшіктерде патрондар санын, патрон массасын көрсете отырып, оларда таңбалаудың болуын, ішкі және сыртқы қылталарда төсеу резенке сақиналарының болуын, қалпақтар мен тығындардың орау тығыздығын, қораптың қампауының болмауын, шихталарды қайта төгуді, биозақымдануларды тексереді.

66. Сақтау орындарында регенеративтік патрондарды, жіберу брикеттері мен оттегін қосымша беру брикеттерін сақтау кезіндегі шаралар жөніндегі нұсқаулықты әзірленеді және бекітіледі.

#### **4-параграф. Теріні қорғау құралдарын сақтау ерекшеліктері**

67. Теріні қорғаудың жеке құралдары зауыттық ормада құрғақ, жылытылмайтын сақтау орындарында сақтау ұсынылады. Сақтау орындарының терезелерін қараңғылатады. Теріні қорғау құралдарын қарауды және құрғатуды бұйымдарға тікелей күн сәулелерінің түсін болдырмайтын орындарда ғана жүргізеді.

68. Теріні қорғау құралдарын қабылдаған кезде – барлық жәшіктерді сырттай қараумен; бұйымдардың толықтырылуы мен сапасын – таңдаулы бақылаумен ыдыстың жай-күйіне назар аударады. Таңдалап бақылауды бұйымның сапасын,

ашиқ жәшіктердегі барлық бұйымдардың болуын және толықтырлуын тексереп отырып, сырттай қараумен жүзеге асырады.

69. Теріні қорғау құралдарын қараған кезде: орау парақтарына бұйым болуының, толықтырылуы мен өсуінің, таңбалаудың болуының сәйкес келуін;

мата тысының жыртылуының, ескіруінің, иіліс орындарында жарықтардың, маймен, желіммен және басқа заттармен ластанудың, материал ажарсыздандыруының болмауын, бұйымдар тігістерінде желімді ленталар болуын және онда қыртыстың әжімнің болмауын;

тігіс бүгілісіндегі желімді лента ауытқуының, қампаюының және қатпарлануының болмауын;

металл бөлшектерінде тат басудың болмауын; түймелеу құралдарының жарамдылығын тексереді.

Теріні қорғау құралдарының сақталуына және сапасына бақылау бір аптада бір реттен сирек емес жүргізіледі.

## **5-параграф. Химиялық және радиациялық барлау, дозиметрлік бақылау аспаптарын сақтаудың ерекшеліктері**

70. Жылдызылатын сақтау орындары болмаған кезде құрғатумен (силикагельмен) полимерлі пленкадан герметикалық тыстарда жылдызылмайтын сақтау орындарында радиациялық барлау және дозиметрлік бақылау аспаптарын уақытша сақтауға жол беріледі.

71. Аспаптар сақтауға салар алдында консервіленеді.

72. Құрғатумен (силикагельмен) полимерлі пленкадан тыстарда аспаптарды орнату арқылы консервациялау тәсілі жылдызылатын сақтау орындарында аспаптарды – бір жылдан артық, жылдызылмайтын сақтау орындарында – сақтау мерзіміне қарамастан сақтау қолданылады.

73. Химиялық және радиациялық барлау, дозиметрлік бақылау аспаптарын қабылдаған кезде сақтау орындарындағы консервациялық орамда қатар-қатар стеллаждар мен орам жәшіктерінде сақталады.

74. Химиялық және радиациялық барлау, дозиметрлік бақылау аспаптарын қабылдаған кезде: ыдыстың жай-күйін - барлық жәшіктер мен орамдарды сырттай қарап, бұйымдар сапасын - таңдаулы бақылаумен тексеріледі. Таңдал бақылау бұйымдардың толықтырылуы мен олардың сапасының (сыртқы түрі бойынша) тексерумен жүзеге асырылады.

75. Химиялық барлау аспаптарын қараған кезде металл корпустары мен бітеуіштері зақымдануының болмауына, шыныдан жасалған жинақталатын бұйымдар жай-күйіне индикаторлы тұтікті сақтау мерзіміне, таңбалау сапасына

а й р ы қ ш а

к е н і л

а у д а р ы л а д ы .

76. Индикаторлы тұтікті қараған кезде:

тұтіктер мен ампулалар механикалық зақымдануының, жарықтың, оқорнының, тесіктің болмауын;

кассеталарға түсті эталондар мен жазуларды жазу сапасын;

тұтіктер мен ампуладағы ерітінділердегі толықтырғыштың жай-күйі және б о я у ы т е к с е р е д і .

77. Радиациялық барлау, дозиметрлік бақылау аспаптарын қараған кезде төсем жәшігінің, аспап қаптамасының жай-күйіне, құлыптардың жарамдылығына, шынының бүтіндігіне, өлшеу аспабы тілінің күйіне, басқару тұтқалары мен тумблерлердің болуына және жарамдылығына, құжаттаманың болуына және оны толтыру дұрыстығына басты назар аударылады.

78. Химиялық және радиациялық барлау, дозиметрлік бақылау аспаптарының сақталуын және сапасын бақылау және оларға техникалық қызмет көрсету мына м е р з і м д е р д е ж ү р ғ і з і л е д і :

аспапты стеллаждар мен қатар-қатар қойылған мүлікті қарау - бір аптада бір р е т т е н с и р е к е м е с ;

консервацияланған орамдардың сапасына және кептіргіштің ылғалдану дәрежесіне (индикаторлы қағазды бояу бойынша) партиядан 5% аспаптар (бірақ екі жәшіктен кем емес) - алты айда бір рет;

сыртқы қарау, ашылған тыстардың бақылау қаптарын өлшеу арқылы кептіргіштің жұмыс қабілеті мен бақылау дәрежесін тексеру кіретін тыстарды аша отырып, аспаптардың сапасын таңдал бақылау, партиядан 5% бүйімның индикаторлы тұтіктердің сапасын бақылау (бірақ екі жәшіктен кем емес) – бір ж ы л д а б і р р е т ;

барлық аспаптарды зертханалық сынау және техникалық қызмет көрсету – дәл бөліктеу мен жұмыс қабілетін тексеру - техникалық құжаттамада көрсетілген м е р з і м д е ;

қоректендіру көздерімен жарақтандырылған дозиметрлік аспаптарды сақтау ұ с ы н ы л м а й д ы .

79. Жинақталатын бүйімдарды (индикаторлы тұтіктерді, сұзгіштерді және басқа) ауыстыру (жаңарту) – зертханалық сынаулар нәтижелерін есепке ала отырып, кепілдендірілген сақтау мерзімдерінің өтуі бойынша жүргізіледі.

80. Арнайы машиналар мен оларға тіркемелерді орналастырган кезде ұзақ сақтаудағы асқыш пен доңғалақ түсіріледі.

Әр машина кабинасында сол жақ есіктің әйнегінде осы Қағидаларға 11-қосымшагасәйкес нысан бойынша ұзақ сақтаудағы арнайы машинаның к а р т о ч к а с ы б е к і т і л е д і .

81. Аспаптарға кіріктірілгенен басқа жынтықтағы гамма-аспаптары бар

иондалатын сәулелер көздері (бұдан әрі - ИСК), ЖЖХШ (жылжымалы жөндеу-химиялық шеберхана) арнайы машиналарымен контейнерлер бақылау препаратының сақталады. Бақылаудағы гамма-препараттарды алу жеке үй-жайларда арнайы мөрлеп жабылған қорғасын контейнерлерінде сақталады, оларды сақтау орындары радиоактивтік қауіптілік белгілерімен қоршалады.

82. Радиоактивтік көздермен жұмыс істеу радиоактивтік заттармен, радиациялық қауіпсіздік нормаларымен және радиоактивтік заттарды тасымалдау кезінде қауіпсіздік қағидалармен жұмыс істеудің санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес жүргізіледі. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық және радиоактивтік көздерден авариялар салдарын жою жөніндегі нұсқаулық әзірленеді. Сақтау орны құзет сигнализациясымен жабдықталады. Барлық радиоактивтік көздерді есепке алу осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кіріс-шығыс журналында жалпы есепке алудан жеке жүзеге асырылады. АҚМ бұйымдарына кіріктірілген радиоактивтік көздер және бақылау препараттары карточкаларда және есепке алу кітапшасында аспаппен

бірге

ескеріледі.

83. ИСК-пен жұмыс істеу кезінде қойманың әр қызметкери дозиметрен қамтамасыз етіледі. Дозиметрден көрсеткіштерді жұмыс аяқталған соң сақтау орнының бастығы алады және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәулелендіру мөлшерін дозасын есепке алу карточкасына жазылады.

84. Бақылау гамма-препараттарды контейнерлерден тек жанышылған ернеу артында пинцетпен резенке қолғаптарында алуға рұқсат беріледі. Белсенді металл қосылған препараттың ішкі бөлігіне қолмен тиісуге болмайды.

85. Аспаптарға арналған құрғақ элементтер мен батарейкалар зауыт орамасында немесе тік күйде орамасыз сақталады. Оралмаған түрдегі элементтер стеллаждар сөрелерінде бір қатарға орнатылады. Сақтау мерзімі өткен немесе сыртқы түр мен нысанның өзгеруі, ылғалды дақтардың пайда болуы және тарап кеткен электролиттен қабыршықта тұздың болуы және оқшаулау желімбасының, қабыршықтың ағуы сияқты ақаулар табылған элементтер сақтаудан алуға жатады.

86. Радиациялық және химиялық барлаудың арнайы машиналарының байланыс құралдарын сақтау оларды сақтау қағидаларына сәйкес үй мдастырылады.

87. Ұзақ сақтауға тек бірінші және екінші санатты, толық жасақталған және кезекті құрделі жөндеуге дейін белгіленген нормалардан 50% кем емес қор ресурсы бар байланыс құралдары (радиациялық-химиялық барлау машиналарының радиостанциялары) жатады.

88. Ұзақ сақтауға жататын байланыс құралдары бағынысында қойма бар орган (үйым) басшысының бұйрығымен ресімделеді. Бұйрықта құралдардың

атаулары, олардың саны және зауыттық нөмірлері, салу алдындағы техникалық қызмет көрсету көлемі, консервациялау әдістері, жұмыстарды орындау мерзімдері, қамтамасыз ету күштері мен құралдары, жауапты адамдар, сақтау орындары мен бақылау тәртібі көрсетіледі.

89. Жылтырылатын сақтау орындарында демонтаж жасалған радиоқұралдар мен байланыс техникасының қосалқы бөлшектері, аспаптары, құралдары (бұдан әрі – ҚАҚ) сақталады.

90. Жылтырмайтын сақтау орындарында орнатылған радиоқұралдармен машиналар, қоректендіру көздері, қышқылды және сілтілі (құргақ және құргақ оқталған) аккумуляторлар сақталуы мүмкін.

91. Байланыс құралдары есепке алынады және жиынтықта сақталады. Сақтаудың өзге талаптарын қажет ететін (аккумуляторлар) жиынтықтардың тек сол бөлігін ғана жеке сақтауға рұқсат беріледі.

92. Байланыс құралдарын қатар-қатар қою көлденең қатарлар арасында ауаның айналымы қамтамасыз етеді. Байланыс құралдарын қойған кезде қауіпсіздік қағидалары мен шаралары сақталады.

Электролит құйылған аккумуляторлар бөлек сақталады.

93. Герметикаландыру әдісімен консервіленген және жылтырылатын сақтау орындарында сақтаудағы байланыс құралдарын жоспарлы қайта консервациялау төрт жылда бір рет, жылтырмайтын сақтау орындарында – үш жылда бір рет жүргізіледі.

## **6-параграф. Арнайы өндеген құралдарын сақтау ерекшеліктері**

94. Машиналардан алынған арнайы өндөлген резенке техникалық өнімдері ашық түрде стеллаждарда немесе сөрелерде партия бойынша сақталады. Гидравликалық сынақ кезінде жеңдер 10 минут бойы қысымға төтеп береді. Сынақ кезінде өнімдерде жыланкөздер, ісінулер пайда болмауы және тамшы түріндегі сұйықтық ақпавы тиіс.

95. Газсыздандыратын, дезинфекциялайтын және дезактивациялайтын заттар мен рецептуралар тез тұтанғыш заттар мен сұйықтықтар болып табылады. Оларды сақтау процесінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң түрде орындау керек.

96. Дихлорэтан улы техникалық сұйықтықтарға жатады. Оларды сақтау мен жұмыс істеу улы сұйықтықтармен жұмыс істеу нұсқаулықтарына сәйкес жүргізіледі.

97. Газсыздандыратын заттар мен темір және ағаш барабандары сілтілі негізіндегі рецептураларды іліп, ал темір бөшкелердегі қышқыл негізіндегі және улы сұйықтықтарды – ашық аландарда сақтауға рұқсат етіледі.

98. Дихлорэтан бар аландар бөгде адамдардың кіруін болдырмайтын қоршаумен және жабылатын есікпен жабдықталады. Дихлорэтан құйылған ыдыстарға трафаретпен төмен жағынан солдан онға қарай сары жолақ салынып, сол жақ бұрышына «У. Ажал қауіпті» сөздері, ал ортасында айқастырылған сүйектері бар бас сүйектің суреті басылады. Жоғарғы оң жақ бұрышында «От қауіпті» жазуы жазылады. Ідистың сұйықтық ағатын тесіктеріне пломба салынады. Дихлорэтан сақтау орны күн сайын тексеріледі.

99. Ідисты ашып тексеру, сынама алу, ерікті түрде тұтануға жататын сұйықтық заттарды басқа ыдысқа құю сақтау орнынан кемінде 25 метр қашықтықта арнайы жабдықталған (топырақ үйілген және өрт сөндіру құралдарымен жарақтандырылған) алаңда жүргізіледі.

100. Арнайы өңдеу жиынтықтарын жылытылмайтын үй-жайларда немесе ашық алаңда бастырма астында сақтауға рұқсат етіледі.

## **7-параграф. Азаматтық қорғаныс мүлкін қабылдау және шығару**

101. Сақтауға келіп түсетін азаматтық қорғаныс мүлкін қабылдау үшін үйым басшысы тұрақты жұмыс істейтін қабылдау комиссиясын тағайындейді.

102. Өнім берушіден азаматтық қорғаныс мүлкін қабылдау кезінде қабылдаушы сол жерде ораманың, ыдистың, пломбаның тұтастығын және ілеспе құжаттарда көрсетілген салмақ пен орын санының сәйкестігін тексереді,

103. Бұлінген ыдыс, орама, орындардың жеткіліксіздігі мен салмақтың сәйкессіздігі анықталған кезде қабылдаушы жүкті кіргізбестен, өнім берушіден тауарлық-көліктік жүккүжатына белгі қоюды немесе акті толтыруды талап етуге міндетті.

104. Сақтауға келіп түскен азаматтық қорғаныс мүлкін комиссия олардың келіп түскен сәтінен бастап 5 тәуліктен кешіктірмей қабылдайды.

105. Қабылдау комиссиясы бұйымдарды қолданыстағы мемлекеттік стандарттар немесе техникалық шарттарға дәл сәйкестікте саны, сапасы, жиынтығы, сондай-ақ жеткізілетін өнімнің (техникалық паспорт, азаматтық қорғаныс мүлкінің формуляры, химиялық талдау қорытындысы, сапасы туралы сертификат, шот-фактура, ерекшілік) сапасы мен жиынтығын қуәландыратын ілеспе құжаттар бойынша қабылдайды. Аталған ілеспе құжаттардың немесе олардың кейбірінің болмауы келіп түсетін өнімдерді қабылдауды тоқтатпайды, жетіспейтін құжаттар өнім беруші-үйымнан сұратылады.

106. Қабылдау актісі әрбір шот немесе фактура бойынша жеке-жеке екі данада жасалады; актінің бір данасы азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға жүккүжатты ресімдеу үшін үйымға ұсынылады.

107. Егер мүлік бір өнім берушіден бір мезетте бірнеше есептер немесе

шоттар бойынша қабылданса, бір ортақ қабылдау актісін жасауға рұқсат етіледі.

108. Келіп түсетін өнімнің, ыдыстың немесе ораманың саны, сапасы, жиынтығы немесе белгіленуі МЕМСТ (техникалық шарттар) талаптарына не белгілену мен ілеспе құжаттарда көрсетілген сапасын куәландыратын деректердің сәйкеспен анықталған жағдайда азаматтық қорғаныс мүлкін қабылдау тоқтатылады. Қабылдаушы өнімдерді қабылдауды жалғастыру және екіжақты акті жасау үшін жіберуші немесе өзірлеушінің өкілін шақыртады.

109. Сақтау орнының бастығы қабылдау актісінің негізінде келіп түскен азаматтық қорғаныс мүлкін мөлшерлік есепке алу карточкалары бойынша сақтауға алады және оларды атаулары, көлемі, сұрыптары, белгілері, партиялары  
б о й ы н ш а ж а й ғ а с т ы р а д ы .

110. Өнімдерді карточка бойынша есепке алу үйымның қоймаға берген наряд (жүккүжат) негізінде операция жасалған күні жүргізіледі. Жүккүжатқа басшы  
қ о л қ о я д ы .

111. Физикалық сынақтар мен химиялық талдаулар жүргізу үшін ұлгілер мен сынаамалар ретінде берілген ұзақ мерзімді сақталатын өнімдер бақылау нәтижелері негізінде сақтауға қойылады және есептен шығаруға дайындалады.

112. Азаматтық қорғаныс мүлкіне сынақ немесе талдау жүргізу үшін тек басшының жазбаша рұқсатымен беріледі, бұл есепке алу карточкасында  
к ө р с е т і л е д і .

113. Азаматтық қорғаныс мүлкін беру туралы тиісті органның нұсқауын алған кезде сақтау орнының бастығы мүлікті беруге дайындейді.

114. Азаматтық қорғаныс мүлкін беру наряд (жүккүжат) бойынша қабылдаушының сенімхат ұсынған кезінде беріледі. Мүлік беруге қысқа мерзім ішінде кезек тәртібімен дайындалады. Нарядтың екі данасында «Іс жүзінде жіберілді»  
б ағ а н ы т о л т ы р ы л а д ы .

115. Азаматтық қорғаныс мүлкін қабылдап алуға жауапты үйымның өкілі нарядтың екі данасында да қол қояды, бір данасын үйымнан қабылдап алушы алады.

## **8-параграф. Азаматтық қорғау мүлкін жаңарту және алмастыру**

116. Сақталатын азаматтық қорғаныс мүлкінің сапасын ұстап тұру мақсатында оны уақытылы жаңарту және алмастыру жүргізіледі.

Азаматтық қорғаныс мүлкінің санаттары – олардың техникалық (саналық) жай-күйіне байланысты белгіленетін есептік сипаттары. Радиациялық және химиялық қорғау құралдарын санаттарға жатқызу олардың санаттарын белгілеу және құжат жүзінде ресімдеу немесе бір санаттан басқа санатқа ауыстыру  
м а қ с а т ы н д а ж ү р г і з і л е д і .

117. Азаматтық қорғаныс мүлкі техникалық жағдайына байланысты бес санатқа бөлінеді:

## б ө л і н е д і :

бірінші санат – толық жинақталған (техникалық сипаттамасы пайдалану құжатында, техникалық шарттар немесе мемлекеттік стандартта белгіленген мағынаға сай келеді) жарамды үлгілер;

екінші санат – толық жинақталған, мақсаты бойынша қолданыста болған және бар, сондай-ақ орташа немесе күрделі жөндеуден өткен (техникалық сипаттамасы пайдалану құжатына, техникалық шарттар немесе мемлекеттік стандартта белгіленген мағынаға сай келеді) жарамды үлгілер;

үшінші санат – орташа жөндеуді қажет ететін үлгілер;

төртінші санат – күрделі жөндеуді қажет ететін үлгілер;

бесінші санат – қалпына келтіру мүмкін болмағанда немесе орынсыз болып табылатын, мақсаты бойынша пайдалану үшін жарамсыз үлгілер.

Ағымдық жөндеу және толық жинақталумен жойылуды мүмкін радиациялық және химиялық қорғау құралдарының ақаулығы мен жинақталмағандығы, үлгіні төмен санатқа ауыстыруға негіз болып табылмайды.

Жөндеуге жатпайтын үлгілер (сүзетін, жұтқыш газқағар қораптары, регенеративті патрондар және т.б) сапа қасиетіне байланысты тек екі санатқа – техникалық талаптарға сай және техникалық талаптарға сай емес (жарамды немесе жарамсыз) деп бөлінеді.

Азаматтық қорғаныс мүлкінің техникалық (сапалық) жағдайын анықтайдын оларға тән ақаулықтар мен зақымдар және жөндеудің әртүрін жүргізу қажеттілігі нақты үлгілердегі пайдалану және жөндеу құжаттарында келтірілген.

Санат зертханалық сынақ және тексеру қорытындысы бойынша белгіленеді.

118. Ағымдағы жөндеумен жойылатын және толық жиынтықталатын радиациялық және химиялық қорғау құралдарының жарамсыздығы және жиынтықталмауы үлгінің төмен санатқа ауысуына негіз болмайды.

119. Жөнделмейтін үлгілер (сүзетін, сіңіретін газға қарсы қораптар, регенеративті патрондар және с.с) сапалы жай-қуйіне байланысты тек екі санатқа бөлінеді – техникалық талаптарға сәйкес келетін және техникалық талаптарға сәйкес келмейтін (жарамды және жарамсыз).

Азаматтық қорғаныс мүлкінің техникалық жай-күйін ( сапалы) және жөндеудің әр түрін жүргізу қажеттілігін анықтайтын тән жарамсыздықтар мен зақымданулар нақты үлгілердегі пайдалану және жөндеу құжаттамасына келтірілген .

Санаты зертханалық сыйнаптар мен тексерулер қорытындысы бойынша  
б е л г і л е н е д і .

120. Қордағы мұлік сақтаудың шекті мерзімі өтуі бойынша, сондай-ақ мемлекеттік стандарттар немесе техникалық шарттармен белгіленген

нормативтік көрсеткіштерден ауытқуы анықталған кезде жаңартуға жатады.

Азаматтық қорғаныс мүлкінің шекті сақтау мерзімі осы Қағидаларға 14-көсімшада

көрсетілген.

Азаматтық қорғаныс мүлкіне бақылау – техникалық қараулар, зертханалық сынақтар мен тексерулер өткізу мерзімдері осы Қағидаларға 15-көсімшада айқындалған. Шекті сақтау мерзімдері өтіп кеткен мүліктеге зертханалық сұнаптар

өткізілмейді.

121. Тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамайтын және моральдық ескірген ретінде жарақтардан алынған мүлік алмастыруға жатады.

122. Жаңарту және алмастыруға жататын мүлікті есепке алу есепке алу карточкаларымен қоймада жүргізіледі. Есепке алу деректері негізінде қойма қоректену мен басқа мүлік көздерін жаңартуға өтінім жасайды.

### **3. Есепке алу**

#### **1-параграф. Азаматтық қорғаныс мүлкін есепке алу**

123. Ұзақ мерзімді сақтауда тұрған азаматтық қорғаныс мүлкі бойынша есепке алу және есептілік, оның қайта бағалануы қойма иелігінде тұрған Азаматтық қорғаныс бастықтары, кәсіпорындар (ұйымдар) нысандар бойынша және белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

124. Қоймада азаматтық қорғаныс мүлкінің бар-жоғын есепке алу карточкалар бойынша жүргізіледі. Мүлікті жұмсау, салу, шығару, алмастыру, жаңарту немесе есептен шығару жөніндегі операциялар олардың жасалған күні кіріс-шығыс құжаттарының негізінде жүргізіледі.

125. Бухгалтерлік және қоймалық есепке алушы сәйкестендіру жылына екі рет – 1 шілде мен 1 қаңтарда жүргізіледі. Сәйкестендіру актілерінде ауытқушылықтар белгіленеді және оларды жою бойынша шаралар қабылданады.

#### **2-параграф. Азаматтық қорғау мүлкін сақтау, жаңарту, алмастыру және есепке алу бойынша функциялар**

126. Кәсіпорындар (ұйымдар) басшылары, Азаматтық қорғаныс бастықтарына:

ұдайы мүлікке мүқтаждық пен онымен қамтамасыз етілуін, оның сапалық жай-күйі мен жинақталуын білу;

жинақталу жоспарын уақытылы және толық орындауға шара қолдану; қолданыстағы нұсқаулықтар мен директивтерге сәйкес азаматтық қорғаныс

мұлқін қоймаларға орналастыру және сақтауды ұйымдастыру;

Азаматтық қорғаныс мұлқін беру тәртібін (kestesін) және мерзімдерін белгілеуді ;

Азаматтық қорғаныс мұлқін күзетуді ұйымдастыру;

тиісті актілерде нәтижелерін көрсете отырып жылына бір рет азаматтық қорғаныс мұлқінің барлық түрлерінің бар-жоқтығына, жинақталуы мен техникалық жай-күйіне, сақтау мен есепке алу шарттарына толық тексеру ұйымдастыру, анықталған кемшіліктерді жоюға шаралар қолдану;

қоймалар үй-жайларын жөндеуге, құрал-жабдықтар мен мүкеммал сатып алуға қаржы қаражатын, жаңарту, алмастыру, сондай-ақ АҚМ зертханалық сынақ , тексеру және жөндеу бойынша іс-шараларды жоспарлау;

Азаматтық қорғаныс мұлқінің жетіспеушіліктері, жоғалу және бұзылуы анықталған жағдайда кінәлі тұлғаларды, мұліктің бұзылуы немесе жоғалуы себептерін анықтау үшін дереу әкімшілік тексеру тағайындау және оны тез арада толықтыруға шаралар қабылдау;

Азаматтық қорғаныс мұлқінің ұзақ мерзімді сақтау қоймалары жұмысшыларының құқықтары мен функционалдық міндеттерін анықтау;

жүк тиегі-жүк түсіру механизациясы жүйесін жетілдіру ұсынылады.

127. Азаматтық қорғаныс қызметтері (бөлімдері) бастықтарына:

ұзақ мерзімге сақтауға арналған азаматтық қорғаныс мұлқін жинақтау бойынша ұсыныстар әзірлеу ;

барлық қоймалар бойынша азаматтық қорғаныс мұлқін жаңарту және алмастырудың жиынтық жоспарларын жасау, сондай-ақ осы жоспарлар бойынша етінімдер береу ;

тиісті актілерде нәтижелерін көрсете отырып жылына бір рет азаматтық қорғаныс мұлқінің барлық түрлерінің бар-жоқтығына, жинақталуы мен техникалық жай-күйіне, сақтау мен есепке алу шарттарына таңдамалы тексеру еткізу, анықталған кемшіліктерді жоюға шаралар қолдану;

азаматтық қорғаныс мұлқін мақсаты мен берудің кезектілігіне сәйкес қоймаларда азаматтық қорғаныс мұлқін орналастыру тәртібін айқындау;

кеңілдендірілген мерзімге сәйкес азаматтық қорғаныс мұлқін жаңарту;

зертханалық сынақтар, дәл бөліктеу және аспаптарды консервациялау үшін азаматтық қорғаныс мұлқін іріктеуді жоспарлау және жүргізу;

азаматтық қорғаныс мұлқін қоймалардан беру тәртібін (kestesін) және мерзімдерін жоспарлау ;

қоймалар жұмысшыларын өз міндеттерін орындауға даярлауды жоспарлау және өткізу ;

азаматтық қорғаныс мұлқіне техникалық қызмет көрсету және қайта консервациялау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға, сондай-ақ мұліктің

сақталуын қамтамасыз ететін басқа да жұмыстарды жүргізуге қоймалар (сақтау орындары) меңгерушілеріне көмек көрсету,

ұзақ мерзімге сақталатын азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау және күтіп ұстаудың озық тәжірибелерін жүйелі түрде енгізу ұсынылады.

128. Ұзақ мерзімге сақталатын азаматтық қорғаныс мүлкі қоймасының менгерушісі азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, күтіп ұстау, жинау, жаңарту, жөндеу және қоймалық есепке алу мәселелері бойынша практикалық қызметінде тиісті қызметтер (бөлімдер) бастықтарының нұсқауларын орындаиды.

### 129. Қойма менгерушісіне:

осы Басшылық құжатын және басқа да басшылыққа алынатын құжаттарды, ұзақ мерзімге сақталатын азаматтық қорғаныс мүлкінің барлық түрлерін сақтаудың тәртібін, шарттарын және кепілді мерзімдерін білу;

өз қызметінде осы Қағидаларды және басқа басшылыққа алынатын құжаттарды басшылыққа алу, ұзақ мерзімге сақталатын азаматтық қорғаныс мүлкінің барлық түрлерін сақтаудың тәртібін, шарттарын және кепілді м е р з і м д е р і н сақтау ;

сақталатын азаматтық қорғаныс мүлкінің жиынтығын білу, оның жекелеген түрлерін бірге сақтау тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ жиынтыққа кіретін жеке з а т т а р д ы б і л у ;

азаматтық қорғаныс мүлкінің әрбір түрін сақтауға қабылдауға қойылатын т е х н и к а л ы қ т а л а п т а р д ы б і л у ;

азаматтық қорғаныс мүлкіне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, оның сапасын таңдамалы немесе толық бақылау жасау;

қойма үй-жайларының, құрал-жабдықтың, мұкеммал мен өртке қарсы құралдардың дұрыс жұмыс істеуін қадағалау, қойма шаруашылығында анықталған бұзушылықтарды тез арада жою;

сақтау орны менгерушілерінің (қоймашылар) қызметінің жұмысына б а с ш ы л ы қ е т у ;

ай сайын кемінде бір рет ұзақ мерзімге сақталатын азаматтық қорғаныс мүлкін е т ү т е к с е р у д і жүргізу ;

қойманың сақтау орнына тексеруші адамдарды тек кәсіпорынның (ұйымның) басшысының, Азаматтық қорғаныс бастығының рұқсатымен ғана кіргізу;

азаматтық қорғаныс мүлкін қоймада орналастыру (жиынтығы, партиялары бойынша) жоспары және бекітілген кестеге сәйкес беру схемасының болуы;

### қойма жұмысын жоспарлау ;

қойманың барлық жұмысшыларының қойма жұмысы бойынша өз лауазымдық міндеттемелерін, нұсқаулықтар мен нұсқауларын орындаудың қамтамасыз ету және бөгде адамдардан сақталатын азаматтық қорғаныс мүлкінің номенклатурасы мен санын қатаң құпиялылықта ұстау;

азаматтық қорғаныс мүлкінің жай-күйі, соның ішінде қойманың, жолдардың ертке қарсы жай-күйі және кемшіліктерді жою бойынша қабылданған шаралар туралы күн сайын ұйымның (кәсіпорынның) басшысына баяндау ұсынылады.

130. Сақтау орнының менгерушісі болып материалдық-жауапты тұлға тағайындалады, ол сақтауда түрған мүліктің бар-жоғы мен сапалы жай-күйіне, сақтау орны мен оның іргелес жатқан аумақта өртке қарсы қауіпсіздік шараларының сақталуына, сондай-ақ өрт сөндіру мен басқа да мүкәммалдың жай-күйіне, сақтау орнындағы қауіпсіздік техникасы қағидаларының орындалуына жауап береді.

Сақтау орны менгерушісіне (қоймашыға):  
осы Қағидаларды басшылыққа алу;

сақталатын азаматтық қорғаныс мүлкінің жиынтығын білу, оның жекелеген түрлерін бірге сақтау тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ жиынтыққа кіретін жеке з а т т а р д ы б і л у ;

қойма менгерушісінің нұсқауы бойынша тиісті есепке алу құжаттарын ресімдеумен сақтау орнына азаматтық қорғаныс мүлкін қабылдау және беру;

